

"Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандығы № 134 қаулысы. Қүші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 224 қаулысымен

Ескерту. Қүші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.04.2016 № 224 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**Р Қ А О - н ы ң                    е ск е р т п е с і .**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілдіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 6-4/1072 бұйрығын қараңыз.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының                    Үкіметі                    ҚАУЛЫ                    ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан                    Республикасының**

**Премьер-Министрі**

**C. Ахметов**

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2014

жылғы

24

ақпандығы

№

134

қаулысымен

бекітілген

**«Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандарты**

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) өзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап және көрсетілетін қызметті берушінің шешімі туралы хабарламаны алғанға дейін – күнтізбелік 14 (он төрт) күннен аспайды.

Аумақтық қазынашылық бөлімшеге төлем шоттарының тізілімін ұсыну – көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының

9-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тапсырғаннан кейін күнтізбелік 14 (он төрт) күннен аспайды;

2) қажетті құжаттарды тапсыру үшін құтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушының банк шоттарына тиесілі бюджеттік субсидияны аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшеге төлем шоттарының тізілімін ұсыну.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі)

көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) субсидиялар алуға арналған тізлімге енгізу үшін көрсетілетін қызметті алушы (ауыл шаруашылығының мұқтаждары үшін гидротехникалық құрылыштарды, құрылғыларды және жабдықтарды бірлесіп басқару үшін мүшелік негізінде жүктелген аумақта жер участкерін иеленуші (пайдаланушы) жеке және (немесе) занды тұлғалардың ерікті бірлестігі) (бұдан әрі – САТК) арқылы мұналады:

ағымдағы жылғы 20 ақпанға дейінгі мерзімде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді;

САТК жарғысының көшірмесін;

өтінімді ұсыну және субсидия алу бойынша өкілеттіктерді беру туралы САТК мүшелері жиналысының хаттамасын;

көшірмесін; көрсетілетін қызметті берушінің тарифті бекіту туралы бұйрығының

көшірмесін; осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша әрбір көрсетілетін қызметті алушы үшін су пайдалану лимитін айлар бойынша көрсете отырып, алдағы суару кезеңіне су беру туралы САТК су берушімен шартын;

әрбір көрсетілетін қызметті алушының жер участкесіне құқық белгілейтін құжаттарының көшірмелерін;

әрбір көрсетілетін қызметті алушының суаруға арналған құрылыштарына, жабдықтары мен құрылғыларына техникалық паспорттардың болуын растайтын құжаттардың көшірмелерін;

әрбір көрсетілетін қызметті алушының суаруға арналған суды есепке алудың аттестатталған құралдарының болуы туралы құжаттардың көшірмелерін;

занды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесін (көрсетілетін қызметті алушының шотына ақша аударған жағдайда жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе дара кәсіпкерді тіркеу туралы күәліктің көшірмесі);

салық органы берген, көрсетілетін қызметті алушыны салықтық есепке қою фактісін растайтын құжаттың көшірмесін;

банқ шотының деректемелерін көрсете отырып, оның болуы туралы банктің анықтамасын ұсынады.

Көрсетілетін қызметті берушінің каналынан жалғыз көрсетілетін қызметті алушы болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы субсидия алу үшін САТК жарғысының көшірмесін және өкілеттіктерді беру туралы САТК мүшелері жиналысының хаттамасын қоспағанда, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген құжаттарды өз бетінше

**Ұ с ы н а д ы ;**

2) жиынтық тізілімге енгізілген САТК әрбір айдың 20 күніне дейін: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің су беру жөніндегі қызметтер көрсету актісін;

көрсетілетін қызметті берушіге су жеткізу жөніндегі алынған қызметтер үшін қаражатты аударуды растайтын төлем құжаттарының көшірмелерін ұсынады. Бұл ретте тараптардың уағдаласуы бойынша көрсетілетін қызметті алушы (көрсетілетін қызметті алушы атынан САТК) субсидия алғаннан кейін қалған бөлігін төлеу міндеттемесін өзіне ала отырып, көрсетілетін қызметті беруші көрсеткен қызметтер құнының кемінде 50 %-ын төлей алады.

Көрсетілетін қызметті беруші өтінімдер мен құжаттар топтамасын қабылдағаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді қабылдаған лауазымды адамның тегі және аты-жөні, қабылданған күні және уақыты көрсетілген талон береді.

### **3. Орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда

**ш ағ ы м :**

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша интернет-ресурста орналасқан көрсетілетін қызметті берушінің басшысының блогына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы немесе қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне тапсырған кезде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға шағым қабылданған күні және уақыты, қабылдаған лауазымды адамның тегі және аты-жөні көрсетілген талон беру шағымды қабылдауды растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті беруші атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға

жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы немесе көрсетіletіn қызметті берушінің кеңесесінде  
қ о л м а - қ о л

б е р і л е д і .

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетіletіn қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетіletіn қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқылы.

#### **4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің [www.minagri.gov.kz](http://www.minagri.gov.kz) интернет-ресурсында «Қолдау және қызметтер» бөлімінің «Мемлекеттік қызметтер» кіші бөлімінде орналастырылған

13. Көрсетіletіn қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары [www.minagri.gov.kz](http://www.minagri.gov.kz) интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Ауыл шаруашылығы тауарын беру қызметтерінің өндірушілерге су құнын субсидиялау»

мемлекеттік көрсетіletіn қызмет стандастына 1-қосымша

Судармалы суды беру жөніндегі қызметтерге бюджеттік субсидияларды алушы су пайдаланушылардың тізімін бекіту жөніндегі ведомствоаралық комиссияның

т ө р а ф а с ы

(Т.А.Ә.)

Нысан

**201\_\_ жылы суландыру үшін су беру жөніндегі көрсетілетін  
қызметтерге субсидиялар алуға  
ӨТІНІМ**

1. САТК және су пайдаланушы: \_\_\_\_\_  
(САТК атауы және су пайдаланушы)

2. Орналасқан жері: \_\_\_\_\_  
(облыс, аудан, кент, көше)

3. Суландыратын жер \_\_\_\_\_ га.  
оның ішінде пайдалану межеленген \_\_\_\_\_ га.

4. Су көзінің атауы (өзен, бұлақ, суландыру жүйесі, бөлуші, су  
бөлу) \_\_\_\_\_

5. Суармалы суды жеткізу бойынша шарт жасалған су берушінің  
атауы: \_\_\_\_\_

6. Су беруші үшін бекітілген тариф: \_\_\_\_\_  
(тариф, ТМРА бұйрығының № және күні)

7. Өндөлетін ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша  
суармалы суды тұтыну көлемі (су пайдаланушылар бойынша):

P/c №	Егілетін дақыл	Егістік көлемі, га	Суландыру нормасы, м <sup>3</sup> /га	Су тұтыну көлемі, мың м <sup>3</sup> (лимит)	Суару тәс
1-су пайдаланушы					
1					
2					
	БАРЛЫҒЫ		X		X
2-су пайдаланушы					
1					
2					
	БАРЛЫҒЫ		X		X
3-су пайдаланушы					
1					
2					
	БАРЛЫҒЫ		X		X
	ЖИЫНЫ		X		X

8. Су тұтыну көлемін айлар бойынша бөлу (су пайдаланушылар бойынша):

Айлар	Суландыру алаңы, га	Суару нормасы бойынша су тұтыну көлемі, мың м <sup>3</sup>	Бекітілген тариф бойынша қызмет құны, мың теңге	Субсидиялау көлемі, %	Субсидия сомасы, мың теңге	Субсидиялау есебімен 1 құны, теңге/
1-су пайдаланушы						
БАРЛЫҒЫ	X			X		X
2-су пайдаланушы						
БАРЛЫҒЫ	X			X		X
3-су пайдаланушы						
БАРЛЫҒЫ	X			X		X
4-су пайдаланушы						
БАРЛЫҒЫ	X			X		X
ЖИЫНЫ	X			X		X

9. ЖИЫНЫ: бір жылға \_\_\_\_\_ мың теңге төлеу.

Ескертпе: Айлар бойынша есептелген су тұтыну көлемі су берушімен жасалған шарт бойынша су беру көлемінен (су пайдалану лимитінен) аспауға тиіс.

Субсидиялау құнының мөлшерін ескере отырып су беру жөніндегі қызметтер құны асып кеткен жағдайда субсидия төленбейді.

САТК: \_\_\_\_\_ (к о л ы ) ( Т . А . Θ )

201\_\_ жылғы «\_\_»  
«Ауыл шаруашылығы тауарын  
өндірушілерге су беру қызметтерінің  
құнын субсидиялау»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына  
2-қосымша

**Суландыру үшін суармалы суды жеткізу жөніндегі қызметтер  
көрсету туралы ұсынылатын шарттың үлгі нысаны**

\_\_\_\_\_ ауылы (қаласы) 20\_\_ жылғы «\_\_»  
Кәсіпорын жарғысы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Су беруші» деп  
аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_

(занды тұлғаның атасы)  
бір тараптан, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Су  
пайдаланушы» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан  
(занды немесе жеке тұлғаның атасы)

\_\_\_\_\_ екінші тараптан бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп  
аталатындар осы Субсидиялауды ескере отырып, тарифтер бойынша су беру  
бойынша қызметтер көрсету шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты және  
тәмендегілер туралы келісімге келді:

Осы Шартта тәменде келтірілген ұғымдарға мынадай түсініктеме  
беріледі:

1) Шарт – барлық қосымшаларымен және оған толықтырулармен,  
сондай-ақ Шартта сілтемесі бар барлық құжаттамалармен бірге осы Шарт;

2) қызметтер – Шарт шеңберінде Су беруші Су пайдаланушыға  
көрсетуі тиіс, табиғи монополияларды реттеу жөніндегі көрсетілетін  
мемлекеттік уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша суармалы суды  
жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді білдіреді;

3) Су беруші – Шартта көрсетілген жағдайларда суару суын  
жеткізу бойынша қызметтерді жүзеге асыратын занды тұлға;

4) Су пайдаланушы – қызметі ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіру  
үшін суландырылатын жерлерді пайдалануға байланысты занды немесе жеке  
тұлға;

5) тариф – табиғи монополияларды реттеу жөніндегі мемлекеттік  
уәкілетті орган бекіткен суару суын жеткізу жөніндегі көрсетілетін  
қызметтердің тарифі.

## 1. Шарттың мәні

1. Осы Шарт бойынша Су беруші суармалы суды жеткізу жөнінде  
көрсетілетін қызметтерді тариф бойынша көрсетуге, ал Су пайдаланушы  
қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

## 2. Тараптардың міндеттері

Су беруші:

1. Барлық суару маусымы ішінде \_\_\_\_\_ жылға белгіленген \_\_\_\_\_  
мың текше метр суды пайдалану лимиті шегінде онқұндік шығыстар  
kestесіне сәйкес су шаруашылығы жүйесінің Су бөлу орындарында Су  
пайдаланушыға \_\_\_\_\_ су беруге.

2. Су пайдаланушыға суды берудегі күтілетін өзгерістер туралы  
кемінде екі тәулік бұрын хабарлауға.

3. Су көзінде су ресурстары тапшылығы болған кезде әр су пайдаланушы үшін белгіленген кестелер бойынша судың көлемін төмендетуге.

4. Қолда бар су есептеу құралының сенімді жұмысын қамтамасыз етуге.

5. Вегетациялық кезең басталғанға дейін суармалы дренаж желісінің су қабылдауға әзірлігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Су пайдалануши:

6. Шаруашылық ішіндегі суару желісін жұмысқа жарамды жағдайда ұстауға және оларды тұрақты тазалауды жүргізуге.

7. Су берушіге су қабылдау кестесіндегі құтілетін өзгерістер туралы кемінде 2 тәулік бұрын хабарлауға.

8. Берілген суармалы суды нысаналы мақсаты бойынша, яғни суару үшін ғана ұтымды пайдалануға.

9. Суармалы суды мақсатсыз пайдаланған жағдайда, субсидиялар сомасын бюджетке қайтаруды және мақсатсыз пайдаланғаны үшін мөлшерінде айыппұл төлеуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

### **3. Қосымша талаптар**

1. Суды беру-қабылдау суармалы суды берудің бекітілген кестесіне сәйкес су бөлу орындарында жүзеге асырылады. Суды беру-қабылдау белгіленген нысанда екі данадағы журналда тіркеледі (біреуі Су берушіде, екіншісі Су пайдаланушыда сақталады). Жазу кара немесе көк сиямен шарикті немесе қаламсапты қаламмен жазылады.

2. Суды беру-қабылдау келісілген мерзімде тәулігіне кемінде 2 рет тараптардан ресми түрде уәкілетті өкілдердің бірігіп қадағалауымен жүргізіледі, нәтижелері журналдарға тіркеледі.

Тараптардың бірі келмеген жағдайда, екінші тараптың жазуына дау айттылмайды.

3. Шаруашылықаралық каналдар мен өзендерде сорғыларды орнату міндетті түрде Су берушімен келісілуге тиіс.

Судың жеткізілген көлемін суландырудан басқа мақсаттарға пайдалануға рұқсат етілмейді. Бұлай болмаған жағдайда су алу суды өз бетінше алу болып саналады.

### **4. Есеп айырысу тәртібі**

1. Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен суды жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге

тарифтер ҚҚС-ты ескере отырып \_\_\_\_\_ жылға мың текше метрге  
----- теңге көлемін құрайды.

(Су пайдаланушы көрсетілген қызметтерге тариф бойынша толық көлемде ақы төлейді) немесе (Су пайдаланушы көрсетілген қызметтің құнының 50 %-ын төлейді, ал қалған 50 %-ын - субсидиялар алғаннан кейін) немесе (Су пайдаланушы осы Шартқа қол қойғаннан кейін жылдық көлемнің \_\_\_\_\_ %-ы көлемінде аванс төлейді және Су беруші авансқа жұмысты істегеннен кейін ай сайын нақты көрсетілген қызмет көлеміне төлейді) (қажетін уағдаласу бойынша қалдыру керек)

2. Су пайдалануышының жылдық лимиті, барлығы \_\_\_\_\_ мың текше м е т р .

3. Тариф бойынша су пайдаланудың жылдық лимитінің құны ----- теңге, ҚҚС есебімен.

4. Осы Шартқа қол қойылмаған жағдайда, суару маусымы басталғанға дейін Су беруші Су пайдалануышыға су беруді жүзеге асырмайды.

## 5. Төлем шарты

1. Осы Шарт бойынша төлем теңгемен жүргізіледі.

2. Қызметтер толық немесе ішінара көрсетілмеген жағдайда Су беруші осы Шарттың мерзімі өткен кезден бастап \_\_\_\_\_ күннен кешіктірмей аванстық төлемнің тиісті сомасын қайтарады және Су пайдалануышыға \_\_\_\_\_ мөлшерінде айыппұл төлеуге тиіс.

3. Жазылған есептерге Су пайдалануышыға тапсырылғаннан кейін 20 күн мерзімде ақы төленуге тиіс.

## 6. Айыппұл санкциялары

1. Тарифтер бойынша уақтылы ақы төленбеген кезде Су пайдалануыш Су берушіге мерзімі өткен әр күнге төлем сомасының \_\_\_\_\_ мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс. Айыппұл санкцияларының (өсімпұлдың) жалпы сомасы төлем сомасының \_\_\_\_\_ %-ынан аспауы тиіс.

## 7. Дауларды реттеу тәртібі

1. Осы Шарт бойынша туындаған немесе оған байланысты барлық келіспеушіліктер мен даулар Тараптар арасында келіссөздер арқылы шешілу ге тиіс.

2. Егер Тараптар келісімге келе алмаса, онда келіспеушіліктер

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттелуге тиіс.

## 8. Тараптардың жауапкершілігі

1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

## 9. Форс-мажорлық міндеттемелер

1. Егер осы Шарт бойынша су көлемі Су пайдаланушыға дүлей апattар, суару көзіндегі судың тапшылығы сияқты еңсерілмейтін күш мән-жайлары салдарынан түгел жеткізілмесе, Су беруші ол үшін жауап бермелейді.

2. 9.1-тармақта көрсетілген мән-жайлар тиісті мемлекеттік органдар тиісті түрде раstаса, заңды болады.

3. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап \_\_\_\_\_ күн мерзімде жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың басталғаны мен тоқтағаны және олардың ұзақтығы туралы басқа Тарапқа хабарлауға міндетті.

## 10. Өзге де жағдайлар

1. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалса және оларға Тараптардың құқылы өкілдері қол қойса, қолданыста болып табылады.

2. Осы Шарт \_\_\_\_\_ тілдерінде \_\_\_\_\_ данада Тараптардың әрқайсысына бірдей заңды күші бар бір данадан жасалды.

3. Шарт өзара келісім бойынша бұзылуы және тоқтатылуы мүмкін. Ол үшін мұны қолдайтын Тарап Шартты бұзудың болжамды мерзіміне дейін \_\_\_\_\_ ай бұрын екінші Тарапқа хабарлайды.

## 11. Шартқа қоса берілетін құжаттардың тізбесі

1. Суландыруға арнайы су пайдалануға рұқсат (су көзінен суды өз еркімен алғанда).	3. Бекітілген тариф бойынша су алуға өтінім.
2. БСН/ЖСН, жеке басының куәлігі, банк деректемелері.	4. Су пайдаланушыға су берудің онқұндік кестесі.
	5. Күн сайын су беру есебінің журналы.
	6. Жерге құқық белгілейтін құжаттың қөшірмесі.

## 12. Қорытынды ережелер

1. Осы Шарт оған тараптар қол қойған күннен бастап күшіне  
е н е д і .

2. Шарттың қолданылу мерзімі:  
20\_\_ жылғы «\_\_» ----- басталады  
20\_\_ жылғы «\_\_» ----- аяқталады

### Тараптардың мекенжайлары:

Су беруші

Су пайдалануши

(индекс, облыс, аудан, ауыл)

(толық атауы)

(республика)

(мекенжайы)

банктің атауы, және.б.

(тел. факс)

БСН

е . / ш о т

е./шот

Кол қоюшының лауазымы, Т.А.Ә.

жұмыс телефоны

Б а с ш ы :

Б а с ш ы :

Бас бухгалтер:

Бас бухгалтер:

Ескертпе: Шарт нөмірі облыстық ауыл шаруашылығы департаменті (басқармасы) бекіткен субсидия алатын су пайдаланушылар тізбесіндегі Су пайдаланушиның реттік нөміріне сәйкес келуі тиіс.

«Ауыл шаруашылығы тауарын беру қызметтерінің  
өндірушілерге су беру қызметтерінің  
құнын субсидиялау»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына  
3-қосымша

**Суландыру үшін суармалы суды жеткізу жөніндегі қызмет көрсету  
актісі**

ауылы  
( е л д і

20\_\_ жылғы «\_\_»  
мекеннің атауы )

негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Су беруші» деп  
( құжаттың атауы )

atalatyn \_\_\_\_\_  
( ყ ы м н ың а т а у ы )

атынан \_\_\_\_\_ және \_\_\_\_\_  
( Т.А.Ә. ) ( құжаттың атауы )

негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Су пайдалануши» деп аталатын  
төмендегілер туралы осы актіні жасады:  
(Т.А.Ә.)

Осы акт 201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ айына «Су беруші» «Су пайдаланушымен» жасалған 201\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_ суландыру үшін суармалы суды жеткізу бойынша қызмет көрсету туралы шарт негізінде бөлу орнына \_\_\_\_\_ текше метр суармалы суды жеткізгені, ал «Су пайдалануши» бөлу орнында жоғарыда көрсетілген су көлемін алғаны тұралы жасалды.

Акт су есептеу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес берілген суды күн сайын есептеу журналының деректері негізінде жасалды.

Бекітілген тариф бойынша суландыру үшін суармалы суды жеткізу бойынша «Су пайдаланушыға» көрсетілген қызметтің жалпы сомасы \_\_\_\_\_ тенгені құрады, оның ішінде ҚҚС \_\_\_\_\_ тенге.

«Су беруші» мен «Су пайдалануши» екеуінің арасында жасалған 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_ шартқа сәйкес толық көлемде актіге қол қойылған күннен бастап суды беру кестесіне сәйкес қызмет көрсетті. Қызмет көрсеткен кезде наразылықтар болған жоқ.

«Су беруші» үшін:

«Су пайдалануши» үшін:

( Т . А . Ә . )

( Т . А . Ә . )

( қолы, мөр )

( қолы, мөр )

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
«Ауыл шаруашылығы тауарын  
өндірушілерге су беру қызметтерінің  
құнын субсидиялау»  
мемлекеттік көрсетілетін  
стандартына  
4-қосымша

**ТАЛОН**

Өтініш берушінің тіркеу № \_\_\_\_\_  
Құжаттардың саны \_\_\_\_\_ дана(лар) \_\_\_\_\_ бет(тер)  
Орындалған күні \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жыл  
Өтініш қарauға «\_\_\_\_» 20 \_\_\_\_\_ жылы қабылданды  
  
(өтінішті қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (қолы))

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК